Маңғыстау облысы
МКҚБ бастығы
полиция полковнигі
_____ С.Жақсылық
«_11_» _____02_ 2026 ж.

Қызметтік жазба

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның (бұдан әрі-заң) 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасына сәйкес шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:
егер мұндай біртекті тауарлардың жылдық көлемі құндық мәнде айлық есептік көрсеткіштің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын болса, Егер жылдық осындай біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі құндық мәнде айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайды.

Мәселен, Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не орталық мемлекеттік орган аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды. Бұдан басқа, Заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары сақтала отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте, тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам жоғарыда көрсетілген қағидаттардың сақталуына дербес жауапты болады.

Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген қағидаттарды сақтау мақсатында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілерден 3 (үш) баға ұсынысын талап етті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген Тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар дерекқорын пайдаланды, шығыстардың түрлері бойынша есептеу кезінде эталон ретінде. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 34-қосымшасында (бұдан әрі-Қағидалар) мынадай бағанды толтыру көзделген (сатып алуды бір көзден жүзеге асыру жағдайының ерекшелігін растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі (қызметтік жазба, қорытынды, анықтама). Сонымен қатар, Тапсырыс беруші шарт жасасқаннан кейін Қағидалардың 510-тармағына сәйкес бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда осы қызметтік Шартты көрсете отырып, тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы есепті орналастырады.

Жоғарыда баяндалған дәлелдердің негізінде веб-портал арқылы :
Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының "Каспий жылу, су арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен, БСН 920440000302: КТРУ 431212.300.000001; тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен шарт жасасу орынды деп санаймыз.
Шешім қабылдау үшін енгізіледі.

Орындаушы_____ Е.Аубакиров